2022 - 16 мамыр аралығында жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша анықтама

Түркістан қаласы *16.05.2023 ж.*

1.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын басқарманың, бөлімшенің атауы:

Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі:

31.03.2023 ж. басталды 16.05.2023 ж. аяқталды.

Осы талдамалық анықтамаға қол қоюшы жұмысшы топпен Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Түркістан облысы сәулет және қалақұрылысы басқармасы басшысының 2023 жылғы 16 наурыздағы №1-3/14 бұйрығы негізінде басқарма және оған бағынысты «Сәулеттік бюро» КММ-сі қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Түркістан облысы әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы А.С.Естібаевтың 2023 жылғы 04 қаңтардағы «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» төртінші базалық бағытының жобаларын орындау шеңберінде Түркістан облысының басқармалары мен квазимемлекеттік ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесіне сәйкес, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамту кезеңі 2022-16.05.2023 жыл болып бекітілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыттары:

1. Басқарманың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жеморлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау

Басқарма бөлімдерінің біліктілік талаптарында айқындалған нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық (өзінің қалауы бойынша шешім қабылдайтын) өкілеттік пен нормалар анықталмаған.

2. Персоналды басқару бағыты бойынша

Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасында мемлекеттік қызметшілердің штат саны 13 бірлікті құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің нақты саны қазіргі таңда, 11 қызметшіні құрайды.

Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасында 11 қызметшінің 11 жоғары білімді.

Жоғары мамандығы біреуден көп қызметшілер саны 3 құрайды.

Басқармада біліктілігін арттыру бойынша 2022 жылдың 1 маусым жағдайында 2 қызметкер жоспарланып, 2 қызметкер де біліктілігін арттыру оқуынан өтті *(Ежебеков Марат Қайратұлы, Тлеукиева Гульмира Ермаханқызы).*

2023 жылдың 31 наурыз жағдайында 1 қызметкер жоспарланып, біліктілігін арттыру оқуынан өтті *(Кенжалин Серикжан).*

17.04.2020 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы) Копия электронного документа. Положительный результат проверки ЭЦП.

Басқармада ішкі талдау мерзімінде 2022 жылы бір қызметші тағылымдамадан өту жоспарланып, тағылымдамадан сәтті өтті *(Ежебеков Марат Қайратұлы).*

2023 жылы I жартыжылдығында бір қызметкер жоспарланып, тағылымдамадан сәтті өтті *(Князова Алтынай Қалдыбекқызы).*

Мемлекеттік органда үш жылдан жоғары қызмет атқарған қызметшілер саны 8 құрайды.

Нақты қызметшілердің 5 ер, 6 әйел.

Бос орындар саны-2 бірлік.

Зейнеткерлік жасқа дейінгі қызметшілер саны-0.

Басқармада 2022 жылдың 1 маусым жағдайы бойынша жеке құрам мемлекеттік қызметкерлер бойынша 78 бұйрық, штаттан тыс қызметкерлер бойынша 23 бұйрық, негізгі құрам бойынша 39 бұйрық қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес әзірленген.

2023 жылдың 31 наурыз жағдайы бойынша жеке құрам мемлекеттік қызметкерлер бойынша 16 бұйрық, штаттан тыс қызметкерлер бойынша 7 бұйрық, негізгі құрам бойынша 14 бұйрық қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес әзірленген.

Басқармада жұмысқа қабылдау, іріктеу конкурсы Түркістан облысы аппаратымен өткізіледі.

2022 жылда мемлекеттік қызметшілердің (*таза аусымдылық бойынша*) мемлекеттік қызмет жүйесінен кету фактісі орын алмаған.

2023 жылдың 31 наурыз жағдайы бойынша мемлекеттік қызметшілердің (*таза аусымдылық бойынша*) мемлекеттік қызмет жүйесінен 1 қызметкер кетті *(Бейсенбек Айбек Айтбекұлы 01.02.2023ж №1-5/07 бұйрығы).*

Азаматтардың арыз-шағымдарына арналған арнайы жәшік мәтіні заңнамада белгіленген тәртіпте басқарманың баршаға көрінетін жеріне орналастырылған.

2022 жылы ішкі конкурс және жалпы конкурс бойынша жұмысқа тағайындалған қызметкерлер жалпы саны-3 бірлік.

Ішкі талдау мерзімінде жалпы конкурс нәтижесінде 3 мемлекеттік қызметші тағайындалды яғни Басқарманың бас жоспарды және қала құрылыстық жобалау бойынша қызметтерді үйлестіру бөлімінің бас маманы лауазымына Құрмашова Айгерім Бектемірқызы, қалақұрылыстық кадастырының жұмысын ұйымдастыру және бюджеттік саясатты қалыптастыру бөлімінің бас маманы лауазымына Кенжалин Серікжан және сәулеттік жобаларды дайындау мен мемлекеттік қызметтерді көрсету бөлімінің жетекші маманы лауазымына Бейсенбек Айбек Айтбекұлы қабылданды. Кадрлық ауысу кезеңінде барлық құжаттар заң талаптарына сәйкес жүргізілген.

2022 жылы сәулеттік жобаларды дайындау мен мемлекеттік қызметтерді көрсету бөлімінің бас маманы Накипов Арман Балгабайулына 2022 жылдың 27 қаңтар №1-5/02 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

2023 жылдың 31 наурыз жағдайы бойынша сәулеттік жобаларды дайындау мен мемлекеттік қызметтерді көрсету бөлімінің жетекші маманы Князова Алтынай Қалдыбекқызына 2023 жылдың 31 қаңтар №1-5/06 бұйрығымен «ескерту» және 2023 жылдың 15 наурыз №1-5/14 бұйрығымен «сөгіс» түріндегі тәртіптік жазалар қолданылған.

Тәртіптік жазаларды тым қысқа мерзімде алып тастау басқармада орын алмаған.

Сонымен қатар, басқармаға қарасты «Сәулеттік бюро» КММ-нің азаматтық қызметшілерінің штат саны – 26 бірлікті құрайды. Нақты саны қазіргі таңда 21 қызметшіні құрайды.

Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасының «Сәулеттік бюро» КММ-де 21 қызметшінің 20 жоғары білімді, 1 орта білімді.

Нақты қызметшілердің 15 ер, 6 әйел.

Бос орындар саны – 5 бірлік.

Мекемеде 2022 жыл бойынша жеке құрам бойынша – 93 бұйрық, негізгі құрам бойынша - 18 бұйрық қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес әзірленген.

2023 жылдың 31 наурыз жағдайы бойынша жеке құрам бойынша – 23 бұйрық, негізгі құрам бойынша - 3 бұйрық қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес әзірленген.

Азаматтық қызметшілерді жұмысқа қабылдау, іріктеу «Enbek.kz» биржасы арқылы рәсімделеді.

Мемлекеттік қызметке жаңадан қабылданған мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі талаптарымен және мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулермен таныстырылған. Шектеулердің сақталуы үнемі бақылауда.

3. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша

Басқарма қызметіне зиян келтіру мүмкін мүдделер қақтығысы анықталмаған.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бағыты

Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы тарапынан 4 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

1. «Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру»;

2. «Үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру»;

3. «Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру»;

4. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру ».

2022 жылы Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасына "Ғибадат үйлерін салу және олардың орналасатын жерлерін айқындау туралы шешім беру» мемлекеттік қызметі бойынша 5 өтініш келіп түскен.

1 өтініш толығымен қанағаттандырылған. Ол:

1. Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Састөбе кентінде 1,0 га жер учаскесіне 1000орындық мешіт құрылысын салуға рұқсат беру туралы Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 27 қаңтардағы №15 қаулысы.

4 өтініш қабылданып, бүгіңгі таңда облыс әкімдігінің қаулы жобалары әзірлену жұмыстары жүргізілуде. Олар:

1. Мақтаарал ауданы, Мырзакент кентінде орналасқан аумағы 0,32 гектар жер учаскесіне 500 орындық ғибадат үйдің құрылысын салуға рұқсат беру туралы;

2. Жетісай ауданы, Мақталы ауылдық округі Теміржол елді мекенінде орналасқан аумағы 0,2499 гектар жер учаскесіне 250 орындық ғибадат үйдің құрылысын салуға рұқсат беру туралы;

3. Жетісай ауданы, Ш.Ділдәбеков ауылдық округі Сұлубұлақ елді мекенінде орналасқан аумағы 0,1 гектар жер учаскесіне 100 орындық ғибадат үйдің құрылысын салуға рұқсат беру туралы;

4. Арыс қаласы, Ақдала ауылдық округі П.Арапов елді мекенінде орналасқан аумағы 0,5 гектар жер учаскесіне 200 орындық ғибадат үйдің құрылысын салуға рұқсат беру туралы.

Басқа мемлекеттік қызметтер бойынша өтініштер түспеген.

2023 жылы 31 наурыз жағдайы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету бойынша өтініштер келіп түспеген.

5. Бақылау функцияларын іске асыру

Бақылау функциялары кірмейді.

6. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

2022 жылы Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасына 001 аппаратты күтіп ұстау бағдарламасы бойынша 118 106,4 мың теңге қаржы бөлініп, 100 пайызға игерілді және 113 нысаналы трансферттер бағдарламасы бойынша 141 987,0 мың теңге қаржы бөлініп, толық игерілді. Басқармада қызметкерлерді ақшалай сый ақы беру тәртібі қызметкерлер арасында наразылық тудырмай бөлініп берілген. Сонымен қатар, қызметкерлердің денсаулығына, отбасылық жағдайына байланысты жеке өтініштері бойынша 1 мемлекеттік қызметшіге материалдық көмек көрсетілді *(Тлеукиева Гүлмира Ермаханқызы 13.12.2022ж №1-5/73).*

2023 жылдың 31 наурыз жағдайы бойынша Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасына 001 аппаратты күтіп ұстау бағдарламасы бойынша 99 675,0 мың теңге қаржы қаралды, 002 қалақұрылысының кешенді схемаларының және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу бағдарламасы бойынша 352 789,0 мың теңге қаржы қаралды және 113 нысаналы трансферттер бағдарламасы бойынша 703 802,0 мың теңге қаржы бөлінді. Басқармада қызметкерлерді ақшалай сый ақы беру тәртібі қызметкерлер арасында наразылық тудырмай бөлініп берілген. Сонымен қатар, қызметкерлердің денсаулығына, отбасылық жағдайына байланысты жеке өтініштері бойынша қызметкерлерге материалдық көмек көрсету орын алмаған.

2022 жылы мемлекеттік сатып алу жоспары 9067,6 мың теңгеге бекітіліп, 28.12.2021ж. мемлекеттік сатып алу веб-порталына жүктелген.

2023 жылдың 20 наурыз жағдайы бойынша мемлекеттік сатып алу жоспары 7309,5 мың теңгеге бекітіліп, 28.12.2022ж. мемлекеттік сатып алу веб-порталына жүктелген.

2022-20.03.2023 жылдары салықтар мен өзге де төлемдер мерзімінде төленгені анықталды.

2022 жылы мемлекеттік сатып алу бойынша 36 келісім-шарт және 20.03.2023 жылы 1 келісім-шарт түзіліп, қолданыстағы заң талабына сәйкес жүргізілді.

Сонымен қатар, 2022 жылы Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасының «Сәулеттік бюро» КММ-нің 001 аппаратты күтіп ұстау бағдарламасы бойынша 65 909,0 мың теңге қаржы қаралып, толық игерілді. «Сәулеттік бюро» КММ-де қызметкерлерді ақшалай сый ақы беру тәртібі қызметкерлер арасында наразылық тудырмай бөлініп берілген. 2022 жылы мемлекеттік сатып алу жоспары 12 387,1 мың теңгеге бекітіліп, 28.12.2021ж. мемлекеттік сатып алу веб-порталына жүктелген.

2023 жылы Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасының «Сәулеттік бюро» КММ-нің 001 аппаратты күтіп ұстау бағдарламасы бойынша 70 359,0 мың теңге жоспарланған. «Сәулеттік бюро» КММ-де қызметкерлерді ақшалай сый ақы беру тәртібі қызметкерлер арасында наразылық тудырмай бөлініп берілген. 2023 жылы мемлекеттік сатып алу жоспары 10 076,6 мың теңгеге бекітіліп, 29.12.2022ж. мемлекеттік сатып алу веб-порталына жүктелген.

2022-31.03.2023 жылдары салықтар мен өзге де төлемдер мерзімінде төленгені анықталды.

2022 жылы мемлекеттік сатып алу бойынша 21 келісім-шарт түзіліп, қолданыстағы заң талабына сәйкес жүргізілді.

2022 жылы басқармаға заңды тұлғалардан 3 өтініш түскен және жеке тұлғалардан 44 өтініш түскен. 2023 жылдың 20 наурыз жағдайы бойынша заңды тұлғалардан 4 өтініш түскен және жеке тұлғалардан 12 өтініш түскен. Өтініштер Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI «Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодекс» Заңының талаптарына сәйкес қаралып, жауап берілген. Аталған өтініштерде сыбайлас жемқорлық мәселелері қозғалмаған.

Түркістан облысының әкімдігінің ресми интернет-ресурсында Басқармаға қатысты негізгі ақпараттар мемлекеттік және орыс тілінде енгізіліп, қажет жағдайда жаңартылып отыр.

Басқарма басшысы төрағалығымен әр аптаның дүйсенбі күні сыбайлас жемқорлыққа күрес бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, басқарма қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін ұстану және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқықтық бұзушылықтар мен олар туралы жауапкершілікті күшейту, сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын-алу жұмыстарын аса назарға алу тапсырылып, хаттама толтырылады.

Басқармада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша 2022 жылдарға араналған жоспар бекітілген.

Инженерлік жүйелерді түгендеу жұмыстары туралы:

«Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасына сәйкес, қала құрылысы кадастрының цифрлық жоспарлы негізін құру үшін құрылыс салынған аумақтардағы жер асты және жер үсті коммуникацияларды түгендеу жұмыстарын жүргізу тапсырылған.

Тапсырманы орындау үшін:

Салынған аумақ көлемі – **32 106,64 га;**

Түгендеу жұмыстарын әзірлеу қажет- **20 696,40 га;**

Қаржыландыру: аудан бюджетінен - **345,7 млн. теңге.**

Жалпы аудан ортылықтарының 7945,36 га бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Осы жұмыстарды жалғастыру үшін облыстық бюджеттен 2023 жылы 565 431,0 мың теңге қаралды.

Бас жоспар және ЕТЖЖ туралы

Қазіргі таңда, облыс бойынша **799** елді мекен бас жоспармен қамтылған (97%).

2022 жылы облыстық бюджеттен **94 млн.** теңге бөлініп, Шорнақ ауылының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасымен бірлескен бас жоспары жобасы және **8** елді мекеннің бас жоспары әзірленіп бекітілді.

2021-2022 жылы жергілікті бюджеттен Кентау қаласының бас жоспарына 75 739 млн.теңге қаржы қаралып, бас жоспар әзірленді. 2022 жылдың 13 желтоқсандағы №19/236-VII облыстық мәслихаттың шешімімен бекітілді.

2022 жылы **10 егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары** әзірленіп, бекітілді.

Оның ішінде, Түркістан қаласы бойынша **14 аумаққа егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы әзірленіп, жалпы аумағы 14 208,66 га құрады.**

2022 жылға Түркістан қаласының 2 индустриалды-өндірістік 1323,6 га және 1 аграрлы-өндірістік 194,5 га аумағына егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына - 500,0 мың теңгесі қаралды. Әзірлеу жұмыстары 2023 жылға жоспарланған.

2022 жылы Сайрам ауданы 2 елді мекеннің 25 га аумағына егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына 6,7 млн. теңге бөлініп. Әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

2022 жылы Төлеби ауданы Біркөлік ауылының егжей-тегжей жоспарлау жобасын әзірлеу үшін 15 млн. теңге бөлінген. Жұмыстар жүргізулуде.

2023-2025 жылдарға арналған облыс бойынша бас жоспарлар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларының Жол картасы аудан, қала әкімдіктерімен пысықталып әзірленіп, бекітілді.

2023 жылы Шардара қаласының, Отырар ауданы Шәуілдір елді мекенінің бас жоспарын әзірлеу бойынша облыстық бюджеттен 138,4 млн теңге қаралды.

Сонымен қатар, Түркістан облысы бойынша аудан мен қалаларды және елді мекендерді әр сала бойынша дамыту мақсатында талдау жұмыстары жүргізілді. Аймақтық кешенді схеманы әзірлеу бойынша шығындар сметасы есептеліп, 2023 жылы жұмыстарды бастаудың 1-ші кезеңіне 172 789,0 мың теңге қаржы қаралды, ал құрылыс салу жобасына 180 000,0 мың теңге облыстық бюджеттен қаржы қаралды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу нәтижесі бойынша келесі ұсынылады:

1. Қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттерді және құқық бұзушылықтарды болдырмау, олардың алдын-алу үшін барлық қолда бар мүмкіншіліктерді пайдалана отырып, қолданыстағы заңнамаларға сәйкес, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

2. «Діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы № 97 бұйрығының 5-қосымшасы, **"Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру"** мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес, өтініш беруші төмендегі құжаттарды ұсынады. Атап айтқанда:

- осы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

- тіркелген діни бірлестіктің басшысы қол қойған ғибадат үйін (ғимаратын) салу туралы еркін нысандағы анықтама-негіздеме (ғибадат үйінің (ғимаратының) атауы және ол тиесілі болатын діни бірлестік, құрылыстың мақсаттары, аталған әкімшілік-аумақтық бірлік (ауыл, елдімекен, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс) діни қажеттілігін қанағаттандыруға мұқтаж келушілер саны (ғимаратында) қызмет ететін діни қызметкерлерге үміткерлер көрсетілген);

- ғибадат үйін (ғимаратын) салу жоспарланып отырған аумақта жергілікті қоғамдастық жиналысының (жиынының) ғибадат үйін (ғимаратын) салуға (жақын маңда ғибадат үйі (ғимараты) аумағымен шектесетін (сонымен қатар, шекара аралығында сервитут, автомобиль жолы өтетін болса) тұрғын үйлер болған жағдайда ұсынылады) келісетіні туралы шешімінің көшірмесі ұсынылады.

Осы құжаттар топтамасын толық ұсынылғанда және мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартуға негіз жоқ болған жағдайда мемлекеттік қызмет алушыға басқарма тарапынан оң нәтижелі қызмет көрсетіледі.

Ал **Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Жер Кодексінің** 44-1-бабына сәйкес, тұрғындарының есептік саны жиырма мың адамнан асатын елді мекеннің егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы немесе бас жоспарлары және тұрғындарының саны жиырма мың адамға дейінгі елді мекеннің егжей-тегжейлі жоспарымен біріктірілген **бас жоспарлары** (немесе тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі **елді мекендерді дамытудың және құрылыс салудың оларды алмастыратын схемасы)** болмаса, құрылыс үшін жер учаскелерін беруге тыйым салынады-делінген.

Яғни, жер телімдерін табыстау, **бас жоспарға және егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына сәйкес жүргізілу керек.**

"Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидасына сәйкес, бас жоспардан немесе **егжей-тегжейлі жоспарлау жобасынан үзінді ұсынбайды,** бұл өз кезегінде ғибадат үйлердің **кез келген аумақта, бас жоспарларды елемей орналасуына әкелу ықтималдығы жоғары.**

Сонымен Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V Құқықтық актілер туралы Заңының 10 бабына сәйкес, **төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерлің әрқайсысы жоғары тұрған деңгейлердегі нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуге тиісті екендігін** атап өту қажет.

Басқарма басшысы **Н.Букебаев**

Бөлім басшысы **Ж.Қалымбетова**

Бөлім басшысы **С.Шораева**

Бөлім басшысы **С.Джаппарқұлов**

Бас маман-есепші **М.Мырзабекова**

Бас маман **А.Құрмашова**

«Сәулеттік бюро» КММ-нің директоры орынбасары **Н.Мусаев**